

Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

Ұлттық рухтың ұстыны



Біз нағыз батырларды көрген бақытты ұрпақпыз. Ел қорғау жолында жанқиярлық танытқан ерлер туралы естеліктер біз үшін қашан да қастерлі. Олар отансүйгіштікке, ұлылыққа шақырады, сенімнің самғауына бастайды, тұнжыраған көңілді рухтандырады. Осындай болмысы батырлықпен һәм ұлылықпен тұтасқан

тұлғаның бірі Қасым Қайсенов болатын. Көзі тірі болғанда, Қасым ата бұл күндері халқымен бірге жүз жылдығын мерейлене тойлап жатар еді-ау.

Екінші дүниежүзілік соғыстың батыры, Қазақстанның Халық Қаһарманы, аты аңызға айналған партизан, атақты барлаушы, қазақ әдебиетіндегі партизандар тақырыбының негізін қалаушы көрнекті жазушы Қасым аға менің есімде жүрегінің лүпілі мен қан-тамырының бүлкілі «халық» деп соғатын, даңғазашу мен дарақы мақтанды бойына дарытпайтын текті тұлға ретінде қалды. Ол ойы тұнық, парасатты, ниеті адал, табиғаты таза қалпын сақтап өтті.

Солдатты солдат жақсы түсінеді екен. Орта білім ордасында оқыған кезден Қасым ағаның шығармашылығымен таныс едік. Бірақ оның жан дүниесіне тек Ауғанстандағы қанды қырғыннан оралғаннан кейін ғана терең бойлай алдым. Майдан даласында ажалмен арпалыса жүріп келген түсінік сол – көктегі сансыз жұлдыздардың кенет біреуі зымыраған күйі белгісіз бір тұңғыққа батып, лезде ғайып болатыны сияқты өмір де қысқа екен, бірақ ол ұзақтығымен емес, алға қойған адамдық парызды қалай атқардың деген аманатты сауалға ашық жүзбен, адал армен, биік парасатпен жауап қайыра алуыңмен өлшенеді.

Мен әділетсіз Ауған соғысынан әбден тауым шағылып, жігерім жасып, өмірге деген сенімді жоғалта жаздап қайтқан кезімде Қасым батырдан сүйеу таптым. Оның қасында жүріп, тағылымды сөздерін тыңдап, ізгілік пен мейірімнің нұрына жадырап, жүнжіген бойыма әл жүгірді, рух кірді. Қаһарман Қасымның жас ұлан бойындағы өмірдің жасыл бүршігін қайта жарғызған қасиетіне тәнті болмау мүмкін бе?

Көпшіліктен бөлек бір қырымен ерекшеленіп тұратын, кеудесіндегі отты сәулесімен төңіректі нұрландырап, жаратылысы жалқы тұлғалар өмірде көп ұшыраса бермейді. Өз ғұмырында олардың біріне жолыққан жаннан бақытты ешкім жоқ дер едім.

Бірде, дерт буып, ауырып жатқанында оның көңілін сұрай бардым.

– Әй, ауғандық, келдің бе? – деді Қасым ақсақал. Қаскең мені солай атаушы еді.

– Халіңіз қалай, аға?

– Халдің несін сұрайсың... Таңертең тұрамын. Содан кейін бірден Баукене честь беремін, – деп Қасекең төсегінің басында ілулі тұрған Бауыржан Момышұлының суретін иегімен меңзеп, қолын шекесіне апарып, әскерше сәлем берудің ишарасын жасады. – Баукеннен ғана қорқушы едім. Қазір мен қорқатын адам да қалмады. Сен бақыттысың ғой, айбынатын мен бармын!

Қасым ақсақалдың «қорқу» дегенін «сыйлау» деп түсініңіз. Абыз да айбынды Қасекең Баукен сияқты қасиетті, қадірлі, кемеңгер тұлғалардың орны толмайтынын, олардың орны әманда ойсырап тұратынын осы сөзімен-ақ аңғартушы еді...

Жүрегіне парасат ұялаған, көкірегінде сұрапыл күрескерлік рух бебеулеген хас батырлар өмір бойы бірін-бірі сыйлап өтті. Жиындардың бірінде айналасындағылар Қасым Қайсеновтен: «Сенің батырлығың Баукене қарағанда қандай?» деп, сұрағанда, ол Бауыржанның ақын, батыр, кавалерист, артиллерист, ұлы қолбасшы, жазушы, ойшыл, дана екенін тізіп, оның әрбір басқан қадамы, ал өмірінің әрбір минут-секундына дейін батырлық үлгісі болып табылатынын айта келе: «Осы отырғандар бәрі бірігіп, іздесе де, менің бойымнан осынша қасиетті таба алар ма екен?!» деп тамсанған.

Өз кезегінде Бауыржан Қасым туралы: «Жауым менің алдымда, ал Қасымның жан-жағында болды!» дейді. Не деген кішіпейіл ұлылық! Батырлар бірін-бірі мұқатып, жайратуға емес, қайта күш беріп қайрауға, бірін-бірі ілгері қарай сүйреуге тырысатын.

Қасым Қайсенов Кеңес Одағының Батыры атағына лайық еді және соған ұсынылған. 1943 жылы қыркүйекте Днепрдің оң жағалауы үшін қан-қасап шайқаста ол ерен ерлік жасады, арқыраған арынды өзеннен өз отрядымен бірінші болып өтіп, жау тылындағы Григорьевка селосын тартып алып, Қызыл Армияның негізгі күштері келгенше шайқас салды. Алайда сол қырғында ауыр жарақат алып, артынша Днепрден бірінші боп өткендегі ерлігі ұмыт қалды да, ең жоғарғы атақ-даңқы өзгелердің қанжығасында кеткен. Ол құжаты араға уақыт салып барып, партизан штабының архивінен бір-ақ табылған, бұл жайында кезінде «Егемен» жазды.

Өмірін елге, қызметке, Отан қорғаудың ортақ ісіне арнаған батырлардың тағдыры да ұқсас келеді ғой. Бауыржан Момышұлының да Кеңес Одағының Батыры атағына лайық екені, бұл биік марапатқа бір емес, екі рет ұсынылғаны дәлелденген. Алайда командование толтырған «Наградной лист» әлдебіреудің жымысқылығымен жоқ болған. Кезінде Баукеңнің өзі де осы мәселенің ізіне түсіп, қууына болатын еді ғой. Жоқ, Баукең мұны мүлде жылы жауып қойып, оның орнына Рахымжан Қошқарбаевқа жасалған тарихи әділетсіздікті қалпына келтіруге көп күш жұмсаған. Биік лауазымды тұлғалардың қабылдауына кірген, Мәскеуге екі рет хат жазған. Мұның біреуін Ворошиловтың атына жолдаған. Бүкіл ғұмырын ұлттың ар-намысы үшін күреске арнаған адам сол ұлттың ар-намысына да айналады екен. Баукең де, Қасекең де сондай тұлғалар еді.

– Баукең мансап қуған емес. Бір күні ол маған қоңырау шалды: «Әй, Қасым! Қайдасың? Мына бір газетке мені «дважды Герой Советского Союза» деп жазып қойыпты. Келіп, біреуін алып кетсейші!» деп әзілдеді жарықтық!» – деп Қасым Қайсенов бірде Баукеңді сағына отырып, ойға оралтып еді.

Кеңес кезіндегі идеялық етекбастылық, саяси қазымырлық қиянат көрсетіп, ерлеріміздің обалына қалғанымен, олардың қандай түнекті де қақ жарар өжет рухын біржолата көлегейлеп тастай алмады.

Өзім басқаратын «Qazaqstan Ardagerleri» («Қазақстан Ардагерлері») Қауымдастығы бертінде «Бауыржан Момышұлы атындағы Құрмет белгісін» әзірлегенде, бұл марапатты алғашқылардың қатарында Бауыржан Момышұлы мен Қасым Қайсеновтің отбасына да тапсырдық.

Батырлық қашанда ғибраттың, ғұламалықтың қайнары, ұлттық болмысымыздың ұстыны. Онсыз ұлттың тағдыры талайсыз, тайғанақ. Біз өр рухымызбен ғана ғұмырлымыз. Кәрі тарих тәу етер тәуелсіздікті нығайтуға көген үзерлік қайрат көрсетуге құлықсыз мұндарлар көбейген кезде, қазақтың басынан бағы көшіп, бостан басы бодан болғанын айғақтайды.

Ендеше өскелең ұрпақты Қасым Қайсеновтей батырлардың үлгі-өнегесінде рухы мықты, жігері жалынды азамат етіп тәрбиелеу мемлекетіміз үшін өмірлік маңызды іс.

Парасаттылықты, қайсарлықты, батылдықты ұрпақ бойына дарыту болашақ қазақстандықтар алмағайып ағыстарға малтығып, қалың тұманда адаспай, қажырлы еңбегі, қатепті қара нардай қайратымен Тәуелсіздікті табанды ұстап қалуы үшін керек.

Болашақ тағдыр айқын еместігін бәріміз білеміз, сондықтан ең білікті, данагөй, әділ жорамалшы «Елу жылдан кейін не болады?» деген сауалға «Оның әртүрлі сценарийі бар» деп жауап қатары сөзсіз. Өйткені келешек пен көрешекті қалыптастыратын да халықтың өзі: қоғамның қаһармандығы, шешімділігі, оның әр мүшесінің қара басының қамын ұлт мүддесі жолында құрбан етер елжандылығы немесе кері тартпа жалқаулығы, жауапсыздығы, қорқаудай сұрқия қараулығы тарихи бетбұрыстарға ықпал етіп, не елді өрге сүйреуге, не құрдымға құлатып, күйретуге қауқарлы.

Ендеше қайғылы емес, қайырлы сценарийдің жүзеге асуы, мемлекетіміздің күн тұрғанша тұруы біздің өз қолымызда. Ол үшін кейінгі ұрпақтардың барлығы қазақтың батырлық болмысын сақтап, әрдайым оның қайнар бұлағының тереңінен сусындауға мүмкіндік алуға тиіс. Ол үшін қазірден бастап, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында барлық батырларымызды ұлықтап, құрмет-қошеметке бөлеп, кең ауқымды насихаттап, елдік пен ерлікті біріктіре білуіміз қажет.

Сол себепті бүгін біз мемлекетіміздің азаттығымен, ұлтымыздың асқақ рухымен бірге биіктей түскен Қасым Қайсеновтей батырларымыздың алдында қазіргі ұрпақ атынан тізе бүгіп, тағзым етеміз.

Бақытбек СМАҒҰЛ,
Парламент Мәжілісінің депутаты,
«Qazaqstan Ardagerleri» қауымдастығының төрағасы